

Астрахан аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 4С-19-11 " Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 4С-22-2 шешімі. Ақмола облысы Астрахан ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 18 мамырда № 1-6-122 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2011 жылғы 15 қарашадағы № 4С-39-4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Астрахан аудандық мәслихатының 2011.11.15 № 4С-39-4 шешімімен

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодексінің 56 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы « Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШТІ:

1. Астрахан аудандық мәслихатының «Жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 24 желтоқсандағы № 4С-19-11 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 1-6-115 тіркелген, 2010 жылғы 5 ақпанда аудандық «Маяк» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

2 тармақта:

«колледждің күндізгі бөлімінде оқитын аз қамтамасыз етілген отбасылардың студенттері» сөздері «колледжде оқитын аз қамтамасыз етілген, көп балалы отбасылардың студенттеріне оқуға төлеу үшін» сөздерімен ауыстырылсын.

2. Шешім Астрахан ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Астрахан аудандық мәслихатының
сессия төрағасы *Н.Сембаев*
Астрахан аудандық
мәслихатының хатшысы *В.Собеский*
«КЕЛІСІЛДІ»

ауданының әкімі

Р.Әкімов

Астрахан

Астрахан ауданының
«Жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі» Мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Қ.Жұмақаев

Астрахан ауданының
«Экономика және
бюджеттік жоспарлау бөлімі»
Мемлекеттік мекемесінің

бастығының міндетін атқарушы

Т.Наприенко